



ХҒТАР 13.09

Көшпенділер мәдениеті және серілік дәстүр (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы)

Есентүгел А. Ази^{1*}, Сәкен М. Аралбай², Құралай И. Куразова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан

³Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, Ақтөбе, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор:

^{1*}Esentygel73@mail.ru

²saken_aralbai@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0001-6506-9488>

²<https://orcid.org/0000-0002-4714-4744>

³<https://orcid.org/0009-0003-3293-377X>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-140-151>

Аңдатпа. Бір ұлтты екінші ұлыстан ерекшелен, ұлттың ұлт екенін айшықтап тұратын салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ырым-тиым, ұлттық ойын, дәстүрлі өнер, музыкалық мұралары болары ақиқат. Бұл жағынан қазақ халқы ештеңеден кенде емес. Қазақтың осынау рухани, мәдени, әдеби мол мұралары осы жұрттың ежелден қалыптасып келе қалған көне тайпа, ғасырлар қойнауынан шым тартып жатқан бағзы көшпенділердің ізбасары екеніне куә.

Қай заманда болмасын әр ұлттың келешек ұрпағының санасына құйып, оларды елін, жерін қорғайтын батыр, ер қылып тәрбиелеудің өзіндік құндылықтары және мәдениеті болғаны ақиқат. Өйткені, ел болашағы жастардың болмысын, ұлттық психологиясын бабалардан жеткен жолмен, яғни имандылық, адамгершілік сияқты киелі мұралармен етене араластыра отырып, ұрпақтың санасына сәуле шашу, сол ұлттың ертеңін дамыту үшін қажет дүние.

Ал, бүгінгі таңда бұл қазақ халқының руханияты үшін маңызды істердің бірі. Сайын дала төрінде шашырап жатқан, жинақталмай жады мықты қариялардың жадында тұрған, ұлттық құндылықтарымызды, ұлт болашағы үшін жанын пида еткен тарихи тұлғаларымыздың мұраларын, шығармаларын мейлінше насихаттап, сол арқылы келешек жастарға ұлттық бағытта тәлім-тәрбие беру кезек күттірмейтін іс деп ойлаймыз. Осы себепті, даналармыз бен ақын-жырауларымыздың кесек сөздерін насихаттауды молайтып, жастардың санасына мейлінше сіңіріп, салт-дәстүрмен астастыра отырып, бесіктен тәрбиелеуді қолға алған жөн.

Орта Азиядағы іргелі елдің салт-дәстүрі, ғұрпы көне замандарға сүйрейтіні анық. Ендеше мәдениеті де сол замандардан бастау алады деген сөз. Сондықтан қазақтай танымы терең жұрттың өзге этностардан ерекшеленіп тұратын әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерін оның мәдениетімен астастырып жарқырату мақсат.

Мақалада қазақ халқы мәдениеті, өнері, сан қырлы өнерпаздары ерекше көркемдік құбылыс ретінде талданып, олардың жалпы және айрықша көріністері қазақтың тарихи жолын көрсететін көшпенділер мәдениетінің дәстүрлі өнерінің үлгілері талқыланған.

Түйін сөздер: Қазақ мәдениеті; көшпенділер; өнер; салт; дәстүр; әнші; жырышы; сері; сал.

Received 22 January 2023. Revised 25 January 2023. Accepted 31 January 2023.
Available online 15 February 2022.

For citation:

Azi E.A., Aralbay S.M., Kurazova K.I. Nomadic culture and chivalric tradition (The fate of singer – poets of the XIX-early XX centuries and the actions of people of Art against colonial policy) // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 143. – № 2. – P. 140-151. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-140-151>.

Для цитирования:

Ази Е.А., Аралбай С.М., Куразова К.И. Кочевая культура и традиция сери (XIX в. - начало XX в.) // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева. Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 143. – № 2. – С. 140-151. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-140-151>.

Кіріспе

Қай ұлттың, халықтың болмасын өнері сол жұрт жаралғалы туындаған. Шыңжандық Қытай тарихшысы Н. Мыңжани «Қазақтың көне тарихы» атты еңбегінде қытайдың «Тайпин Хиуаниуйжи» топтамасының «Түрік шежіресі» атты тарауындағы деректерге сүйеніп: «түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп алған соң, ән шырқап бір-бірімен өлең айтысады. Күні бүгінге дейін жалғасын үзбеген біздегі ақындар айтысының осыдан мың жылдар бұрынғы Батыс Түркі қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз», – деп жазған (Мыңжани, 1991; 78).

Көшпенділер сарқыты саналатын қазақтардың мәдениеті, өнеріне мән берсек, қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық өнерлерінің бірі – салдық, серілік дәстүр. XIX ғасыр белесінде айрықша көзге шалынар хас өнердің қайнары әріде. «Сал», «сері» деген атқа ие болып, көшпенді жұрттың өнер көшіне өзгеше рең берген, түрлі өнер иелерінің сахара мәдениетіне қосқан үлесі мол. Осынау сал-серілік дәстүрдің тарихына көз жүгіртсек, ұланғайыр қазақ даласының әр өңірінде өзіндік ғұрыппенен етек алғанын аңғарамыз. Соның ішінде Қазақстанның батыс аймағындағы өнер өрісі де өзіндік ерекшеліктерімен көзге шалынады. Батыстағы жыраулық мектептің үрдісін ғалымдар бүй деп айшықтайды: «Алтын Орда, Дешті Қыпшақ заманындағы тарихи

болмысымызды баяндайтын «Қырымның қырық батыры» атты батырлар жырының топтамасының осы аймақта ғана тұтасымен сақталып, атақты Мұрын Сеңгірбекұлы жыраудың аузымен біздің заманымызға жетуі де кездейсоқтық құбылыс емес. Ежелгі ноғайлы заманындағы Сыпыра жырау осы өлкеде туып, өмір сүріпті деген мәлімет бар. Демек, Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұл, Зәкәрия, Сүгір «қаһармандық жыраулық мектебінің» бүгінге дейін мұрты сынбай жетуінің де тамыры тым тереңде» (Кекілбаев, 1997; 9).

Біз айтқалы отырған Қазақстанның батыс аймағында (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе өңірі) серілік құрып өткен өнерпаздар аз болмаған. Қазақ халқының әмбебап өнерпаздары серіліктің ерекше көріністері XX ғасырдың 30-40 шы жылдарына дейін болды. Ғасырлар бойы қазақ жұрты елін, жерін қорғау жолында аттан түспей арпалыс күн кешті. Ол дәуір жаугерлік заман болатын. Бұл замандарда жыраулар үлкен рөл атқарған. Жыраулар соғыс тұсында уытты толғауларымен мыңдаған әскерге рух берген болса, бейбіт күнде өзінің даналығымен, абыздығымен, өткірлігімен ханға да тіке сөйлеп, қарашаның қамын ойлаумен жүрді. Көпшілік жырауларды сол үшін де ерекше қастерледі. Қалың жұрты жырауларды төбесіне көтере құрметтегенін көрген хан да көп жағдай да оларға қарсы келуге именсе, бір жағынан жыраулардың дана ойына сүйенді. Қиын-қыстау шақтарда жырау

абыздар ханға тыңнан ой салып, жөн сілтеп отырды. Сонысымен де олар қадірлі еді. Жыраулар тек абыз, дана, ақын ғана емес сонымен қатар олар жауынгер еді.

XVIII-XIX ғасырларда ақын-жыраулар – номадалық мәдениеттің синкреттік тұлғасы, халық әдебиеті дәстүрлерін сақтаушы һәм қоғамда әлеуметтік пікірді жеткізуші қызметтерін атқарған. Олар толғауларын рухты сарынмен, қобыз немесе домбыра сияқты саз аспаптарының сүйемелдеуімен орындайтын. Тарихта өзіндік суреткерлік болмысымен есімін таңбалаған сондай өнерпаздар шығармашылығы құнды дүниелер екені даусыз. Олар – этностық мәдени генофондымызға айтулы үлес қосқан тұлғалар.

Сондай-ақ, ертедегі бақсы-жыраулар дәстүрін жалғастырушы әнші-ақындардың, салдар мен серілердің шығармашылығының да мәдениеттанудағы тәрбиелік орны, фольклорлық мұраларымызды бүгінгі күнге жеткізудегі үлкен еңбегі айтуға тұрарлық жағдай және олардың іс-әрекеттері мен мұралары ұлттық болмысты қатайтатын, ұлтымыздың келбетін көрсететін жарқын дүниелер.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми зерттеуде тарихи-мәдени сабақтастық қағидалары, жүйелі сараптама, компаративистика және констеляциялық әдістер қолданылды.

Қазақ мәдениетінің өнері, серілік дәстүрі көшпенділік тұрмысқа сай кескінінен отырықшылық келбетке ауыса отырып, халық өмірінің энциклопедиясына, кейінгі ұрпаққа ақпарат беру кешеніне айналғаны айтылды.

Көшпенділер мәдениетінің ақындық-әншілік өнері басқа мәдениеттердің ұқсас үлгілерімен салыстыра отыра талданып, басқа да түркі халықтарының қазақтың мәдениеті мен өнеріне әсері, олардың ұқсастығы көрсетілді.

Мақала көшпенді қазақ халқының мәдениеті және өнерінің қалыптасу кезеңі мен тоқырау тұсын қамтығандықтан қазақ мемлекетінің ежелгі тайпаларға қатысы қарастырылып, тарих атасы аталатын Геродоттан бастап деректер алынып,

адамзат тарихында бұрын-соңды өмір сүрген батыс-шығыс ғұламаларының еңбектерінен мәліметтер келтірілді. Сақ ғұламасы Анахарсистен хакім Абайға дейінгі аралықтағы көзге іліккен ақпарлар қолданылды. Бүгінгі таңдағы әлемге белгілі тұлғалар мен зерттеушілердің зерттеу әдістері бағытқа алынып, мәдениет, философия саласына еңбегі сіңген, қолтаңбасы қалған Э.Кенни, Д.Джонсон, А.Барнард, Д.Агамбен, С.Тер-Минасова, С.Холл сынды ірі ғалымдардың еңбектері мен зерттеу әдістері пайдаланылды.

Сондай-ақ, отандық философ, филолог, музыкатанушы ғылымдардың еңбектеріндегі идеялар мен әдіснамалық әдіс-тәсілдер басшылыққа алынды. Данышпан Әл-Фараби, Ж.Баласағұннан бастап, қазақ мәдениетін, музыкалық мұрасын, әнші-ақындар (сал-серілер) шығармашылығын, зерттеуге үлес қосқан А. Затаевич, Б.Ерзакович, А.Жұбанов, А. Сейдімбек, Т. Әсемқұлов т.б. ғалымдар еңбектері, ғылыми зерттеулері қаперде ұсталып, еңбектену барысында қажетіне қарай қолданыс тауып отырды.

Сонымен бірге, қазақ филология ғылымын зерттеуші М. Әуезов, Р. Бердібаев, Е. Ысмаилов, С. Қирабаев, Қ. Сыдиықов, С. Негимов, Т. Жұртбай, С.Қасқабасов, Е. Тұрсынов т.б. еңбектерінде қазақ фольклоры жайлы зерттеу қорытындылары ескерілді.

Тақырыбымызға қатысты шетел ғалымдарының теориялық пікірлеріне назар аударылып, жұмыс арысында Э.Кенни, Д.Джонсон, А.Барнард, Д.Агамбен, С.Тер-Минасова, С.Холл және т.б. ғалымдар еңбектері тиісті дәрежеде кәдеге асырылды.

Талқылау

Қазақ жұртының көне мәдени мұраларының бірі салдық, серілік дәстүр. Киіз туырлықты, көшпенді жұрттың арғы-бергі мәдениетінде сал-серілердің өзіндік орны бар. Бұл, ел ішінде бұрыннан белгілі атауболса, кейінгі ғалымдар көзімен де зерде көрген ұғым. Кейінгі дәуірде «Сал-сері» десе әр қазақтың көз алдына әсем киінген маңғаз, келбетті кербез адам елестейтін

болды. Әріде паңдығымен қоса үлкен өнер иесі, «сегіз қырлы, бір сырлы» жанды айтар еді. Бағзыда өнері мен бекзаттығына үстемелеп батырлығын дәріптеген де сияқты. Яғни, «сал-сері» дегеніміз – бойына талай өнер тоғысқан ақын, әнші, жыршы, батыл да алғыр, паң, сырбаз, аңшы, мерген, сейіс, найзагер, әсемшіл, көңілді, шешен жігіт. Осыншама өнер түрлері бір адамның бойына сыйып тұрды.

Жұмыр басты пендені Құдай Тағала мүмкіндігі зор тұлға етіп жаратқан. Джованни Пиконның: «Адам – қандай ғажап туынды! Ақылы қандай ғажап, қабілеті қандай шексіз, пішіні мен қозғалысы қандай айқын әрі ғажап, ал әрекеті періштенікі іспетті, түсінігі Құдайдай, ол – әлемнің сұлулығы, жануарлар дүниесінің эталоны» – дегені өте оңды пікір (Джованни Пико, 2018; 150).

Негізі адам баласы өмірге ізгілікті, қарапайымдылықты, адамгершілікті, кісілікті арқалап келеді. Қатыгездік пен жауыздықты, сұмпайылық пен аярлықты көре бара үйренеді. «Қарапайым өмір сүрудің өзінде қандай да бір ізгілік болса керек» (Холл, 2019; 128).

Мінекей, серіліктің бір мәні осындай сан қырлылығында жатыр.

Қай халықтың болмасын ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрлері болатыны айдай ақиқат. Сол салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар арқылы халық болып ұйысып, мемлекет болып нығайса керек. Сонымен бірге болашақ ұрпақты жетілдеру, тәрбиелеу құралы да бары нық.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX басында Қазақстанның батыс өңірінде, оның ішінде Маңғыстау даласында Жеті Қайқы» деген атаулы жеті адамнан құралған серілік топ өткен. «Қайқы» сөзі «сал», «сері» деген ұғымда айтылады. Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе даласында бұл атау ауызға жиі алынады. Әнші, жыршы Ізбасар Шыртанов бұй дейді: «...еркек сал-серіні – қайқы, ал әйелдің серісін – сәйкі дейді, «қайқы» деген солай – сал-сері деген мағынаны береді» (Спан, 2003; 45).

«Жеті қайқы» – әнші, жыршы, күйші, ақын, композитор – бойына бірнеше өнер тоғыстырған жеті өнерпаз. Ел арасындағы

жеті бұлбұлды жұптап: «Жеті қайқының әнінен қозғап жібер», «Жеті қайқыдан сал» деген қолқалауларды да құлағымыз шалған. «Жеті қайқы» – бойына бірнеше өнер сыйған жеті өнерпаз – Әділ Өтеғұлұлы (1869–1931), Жылкелді Теңізбайұлы (1855–1938), Өскенбай Қалмамбетұлы (1860–1925), Шолтаман Байсарыұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы секілді дүлдүлдер. Жетейі бірге жүріп, ел аралап, өнер көрсетіп, көшпенді жұрттың көңілін ән-жырмен аулаған жандар.

«Жеті қайқы» Көкжар (Ойыл), Қарақамыс (Ақтөбе даласында), Орынбор базарларында жиі болып, елді өнеріне қанық қылған. «Түрік халқы құрымасын, құрбан болмасын!» – деп үстіндегі Тәңірі айтқан еді» (Қашқари, 2017; 5), – деген екен ғұлама Махмұт Қашқари. Сонау түркі қағанатының абызы Иоллық Тегінен бері тарқатсақ, сонау өлімнен қашқан Қорқыт атадан қалған қасиетті жол, Желмаямен жер шарлаған Асан Қайғы,

«Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің

Арасын өтіп бұзып дінді ашқан» (Мағауин, 2006; 54) – деп жырлаған Сүйінішұлы Қазтуған,

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен

Есіл де менім кеңесім (Мағауин, 2006; 81), – деп шалқыған Жиёмбет Бортоғашұлынан, кешегі Жеті Қайқы, Ақан сері, Біржан салға дейінгі аралықта өзегі үзілмей келген серілік дәстүрдің ғажайып құбылыс екенін терең ұққанымыз абзал. Бұлар көшпенділер мәдениетінің маржандары еді.

Қазіргі жаһандану жағдайында өркениеттің жоғары көрінісі ретінде мәдени, рухани бірегейлікті сақтау керек деген қағида кеңінен талқылануда. Бұл дұрыс бағыт екені анық. Қазіргі Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін терең зерттемейінше, этникалық дамудың бастауларын, қазақ мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарының басымдығын арттырмайынша, ұлт болашағын жарқыратамын деу көмескі іс. Ұлт болашағы жастар екені аян. Сол жастарды қазақы санамен тәрбиелеу

негізінде ойшыл бабалардың даналық істерімен, шығармаларын көкіректеріне құя білу шарамыз бәсеңдеу. Кешегі бабалар дәуірінде ақындарды, жырауларды, әншілерді құрметтеп, солардың алдын көріп, олардан үлгі-өнеге алуды арман ететін. Қай заманда да солай болған. Ақындар мен өнерпаздарды бүкіл көпшілік төбесесіне көтере құрметтеуінің себебі неде деп ойлайсыз? Ұлттық болмыстан тамыр тартқан ол ақындардың көкірегі мейлінше таза болатын. Олар, бойына біткен өнерді «Алла Тағала маған өнерді елге қызмет қыл деп берді» деп, өнерді киелі дүние деп ұққан.

Академик Ғарифолла Есім Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» кітабына көз жүгіртіп, «құт» деген сөзге мынадай анықтама беріп өтеді: «Өзекті жанға өлім барын білген есті болса керек. Сонда есті адам қандай қарекет етпек? Ғұламаның насихаты – білімді болу. Білімді адам «дәулетті» «байлықтан» ажырата алады. Ақылды адам дәулетті қажет етеді. Ақылсыз, ынсапсыз жан байлықтың құлы болмақ, сонда «дәулет» деген не? Дәулетті болу тек бай болу емес, ол білімділікті, есептілікті қажет етеді. Дәулет – ғұмыр сүру үшін, ахирет қамын ойлау үшін жасалған мүмкіншілік. Дәулетті адам деп иманы бар жанды айтады. Меніңше, дәулеттің «құттан» да ерекшелігі бар. Демек, түркілер адамның дүниеге келуін «құт» деп түсінген (Есім, 2012 54).

Ғ.Есім одан әрі Ахмет Иассауидың пікірлеріне талдау жасай келіп, бүй дейді: «Ахмет Иассауи көшпенділер тұрмысына болмаған жаңалық әкелді. Ол сопылық философия, тақуалық дүниетаным» (Есім, 2012; 55).

Бұдан аңғарарымыз ХІХ ғасырда жасаған ақындар да тақуалық жолында болған. Бұған Ақтан, Абыл, Нұрымдардың шығармаларынан көптеген мысалдар келтіруге болады. Біз атап отырған ақындардың бәрі Маңғыстау жерінде жасаған. Арысы Бесқала даласына шейін, берісі Ақтөбе, Орынбор, Арал өңіріне дейін ат сабылтқан. Бұл өңірде сопылықтың Иассауи жолын тұтқан әулие-шайхылар шыққаны мәлім. Ендеше Ақтанның сөздері дүниетанымды терең адамның ойы деп

қарасақ абзал. Тек, Ақтан ақын ғана емес бұрын өмір сүрген шайырлардың дені таза ой, асқақ қиялдан кеңде емес деген сөз.

Айтқымыз келгені, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында қазақ қоғамы мұсылманшылық, соның ішінде сопылық жолында болды дей аламыз. Біз айтып отырған сан қырлы өнер иелері серілік пен қоса сопылық бағытты бетке алып, талантарын өрістеткен.

Салдардың, серілердің қызметі орындаушылық және композиторлықпен шектелмеді, олар көркемдік баяндаудың барлық түрін – поэтикалық импровизация, шешендік өнер, нәзік вокальдық техника, музыкалық аспаптың құлағында ойнау, театр мен цирктік өнер ойынының элементтерін қамтиды, бұған қарағанда олардың Батыс Еуропаның орта ғасырлық музыканттары – жонглерлер, трубадурлар, труверлер, мейстер – миннзингерлермен ұқсастығы бар екендігі айқындалады.

Адамдар өздерін шығармашылықтың шыңындамыз деп есептеуге бейім; бірақ олар жер бетін өздерімен бірге мекендеп отырған басқа тіршілік иелерінен шынымен де артық па? (Энтони Кенни, 2019; 31).

Әрине, бұлар құдайдың ерекше жаратқан адамдары деуге саяды. Мұндай ерекше өнерпаздар қай елде де болған. Бұлардың бәрі шынайлықты, әсемдікті, адамгершілікті, еркіндікті жырлаған.

Қазақ даласының сері перзенттеріне тән қасиет ерлік, өр рух, еркіндік. Олар қай заманда да еркіндікті, азаттықты аңсап күн кешкені аян. Әрине ол дұрыс әрекет. «Дұрыс әрекет – жаман мен жақсының арасындағы алтын аралық» (Джонсон, 2018; 42).

Алланың жаратқан пендесі еркін болуға құқылы. Соның ішінде серілерді, қанша қамап ұстасаң да, олардың ой-қиялы еркін шалықтап, қырандай қалықтап жүреді. Еркіндікті көксіп, ізгілік, адамгершілікті аңсаған ерлер қолдарына аспабын алып, ел аралап, дала кезіп, көпшілікке қуат-жігер береді. «Еркін адам дегеніміз – өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам» (Анахарсис). Азаттықты тілеп отырған жұрт содан соң оларды құрметтеп, әрі өнерлеріне сусындап, тамашаға батады.

Мысалы, қазақтың серілерінің көбі осы әрекеттері үшін түрмеге қамалған.

Бостандығынан айрылған. Ресей империясының отарында отырып, қыспақ көріп жатқан халқына бағыт бергені үшін ғана. Олардың мақсат-мүддесі ағайын-туысын, төңірегіндегі өзін бағалайтын жұртты өркениетке жетелеу болған. «Ізгіліктің табиғаты мен маңыздылығы адам тіршілігінің жалпы мақсатынан көрінеді...» (Агамбен, 2019; 330), дегенге құлақ түрсек, серілердің мақсаты айқын емес пе?

Елін бірлікке, өркениетке бастаса, жаңашылдыққа тартса, олардың осынау ізгі насихаты ежелгі грек философтарының «оқытудың негізгі мақсаты – ізгілік тарату» деген қағидасы мен «ізгілік» – «кемел адам» дегеніне саяды (Джонсон, 2018; 44).

Осы кемел адам мен салыстыруға келетін тағы бір теория «кәміл адам» теориясы десек Ибн Арабидің «Дүниедегі істің бәрі адамға қатысты, бірақ бұл білімді білуге тиіс болған кезде ғана біледі, оны білуші – кәміл адам. Мұны білуге болмайтындар білмейді, ол – хайуан адам» деуінің мәні жоғары (Есім, 2004; 27). Яғни, «Кәміл адам» ғалымның дүниетанымында мистик, яғни тылсым күштер сырын сезуші ерекше жан. Мұндай қасиет адамға жоғарыдан беріледі.

Түркілердің ұрпағы қазақтар да ата-бабалары сияқты еркін оймен өмір сүрді. «Ислам дінін қабыл алған түркілер ескі, дәстүрлі идеологияны мүлде ысырып тастамай, жаңаша түрлендірді (Сүлейменов, 1992; 134). XIX ғасырдағы қазақтар мұсылман дінінің бір тармағы сопылық бағытты ұстанғанын ескерсек, біздің айтып отырған адамдар да сол бағытта болғаны хақ. Сопылықтың ұстанымы да имандылық, ізеттілік, адамдық, адалдық. Бір өзгешілігі олар рухани тереңдікке шақырады. Соған тәрбиелейді. Сопылықтың негізі бойынша пендені жаратқан Алла, ендеше оны алатын да Алла. Не болса да Алланың қалауымен келеді. Сондықтан қудалау көріп, түрмеге қамалып жатқан серілер «бұл да Алланың жазуы» деп қабылдайды және соған тәубе қылады. Бұл, шариғаттағы жаратушыға кәміл сенушілік. Не келсе де құдайдан деген наным. Ол, заманда қазақтар шариғаттан аттамаған. Ішкі мәдениеті сондай мықты қалыптасқан. Яғни бесіктен

берілген ұлттық тәлім, тәрбие. «Мәдениетті адамдар интуитивті түрде қалай іс-әрекет ету керектігін біліп тұрады» (Кенни, 2018; 152), – дейді философтар.

Төңіректегі болып жатқан өзгерістердің, құбылыстардың бәрін жүрекпен сезініп, қабылдайды.

Ғұлама Әл-Фараби: «Жүрек – басты мүше, мұны тәңнің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді (Әл-Фараби, 1975; 25).

Әрбір халықтың өзіне ғана тән, сол жұрттың өзіне ғана жарасатын өнер, мәдениет түрлері болады. «Белгілі бір этностың ұлттық салт-дәстүрлері көрініс табатын көркемөнер мәдениеті» (Тер-Минасова, 2018; 36).

XIX ғасыр бедері мен XX ғасырдың бірінші ширегін қарастырсақ салдық, серілік деген нәрсе тек қазаққа ғана тән секілді. Сал-серілер жолы қайнарын бүгінгі қазақ жерінен алып, қазір де осы далада жалғасын тауып жатқандай көрінеді.

Зерттеушілер сөзіне құлақ ассақ, сонау сақ-ғұн дәуірінен шеру тартқан сауықшыл керуеннің әуел баста әскери-сарбаздар жасағынан бастау алғанын аңғартады. Жаугершілік уағында қанды ұрысқа кірер алдындағы қалың қолдың көңіл толқынысын басып, рухын көтеріп, ұрандата кернейлетіп-сырнайлатып, арандай ажал ауызына сескенбей атойлап, тура шабатын ерекше әскери топтар болса керек. Нояндар тобына кез-келген адам мүше бола алмайды. Мерген, найзагер, қылышкер, садақшы, аттың құлағында ойнайтын епті жауынгер қабылданады. Сазды әуенге де үйір. Үркердей ұйысқан осы бір шоғыр серіліктің алғы көрінісі-ау деп есептейміз. Майдан тұсында ұйысқан ұранды шерік, жайбарақат мезгілде де жұптарын жазбай сән құрып, дулы қалпын бұзбай жүретінге ұқсайды. Мұнда, басында топқа қосылудың түрлі шарттары болған болса, келе-келе өздігінен сұрыпталып, өңшең өлермендер құрамы қалыптасатын күйге жеткен. Кереметі сол, көне күндердегі кербез үрдіс заман ағымымен ішкі-сыртқы сипаты сәл өзгерістерге ұшырағаныменен, өзегі үзілмей бәз қалпында кейінгі ғасырларға жетуі еді.

Қай халықта болмасын серілік пен ерлік үзеңгілес жүрген. Ал, осы сал-серіліктің түбі жылқы малына қатысты. «Ер қанаты – жылқы» дейді қазекем. Ежелде, жылқы-сәйгүлік батырдың жан серігі, жолдас-досы, көлігі, жауға шабар қуаты, алысса қайраты, жарысса жүйрігі, тіріде тамыры, көрде де жарығы.

Жылқының алғаш қолға үйренуі қазақ даласы деп жүрміз. «Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді» (Назарбаев, 2017; 27).

«Сәйгүлігін жаратып, жал-құйрығын таратып» мінер ерлер қазір де бар. Жылқыдан басқа көлігі жоқ бағзыда, бүгінгілердің машина таңдағандарындай таңдап, жүйрігін, белі мықтысын, қайраттысын тақымдау ердің ісі. Яки, аттарын үкілеп міну қадым заманнан бар. Тарихтың атасы Геродот сақтар жайында: «Найзаның, жебенің, айбалтаның ұшы мен жүзін жезден жасайды да, дулығасын, белбеу мен кісесін алтынмен аптайды. Олар аттарына жезден өмілдірік-қап кигізеді. Жүгенін, ауыздығын алтынмен жалатып, өрнектеп қояды», – депті (Геордот, 1989; 28).

Бұл үрдіс сақтардан ғұндарға, одан түркілерге ұласқан. Тұлпарларының кекілін, жал-құйрығын әсемдеп өріп, тоқым-жонасына дейін ерекше әспеттеп, құйысқан-өмілдірігін де өрнектеп тастау, оған сәнді шашақ, түрлі әшекей тағу секілді көріністерді сол заманнан жеткен жәдігерлер мен таста таңбаланған суреттерден көруге болады. Демек бұл, біздің арғы бабаларымыздан жеткен өнеге екен. Атам заманнан қалыптасып, өлмей жеткен өзіміздің өміршең үрдісіміз көрінеді. Жалғыз сәйгүлігін емес, қару-жарағы мен сауыт-сайманын безендіріп киінгені де даусыз. Бұған және бәрінің қолы жете бермесі ақиқат. Жоғарыда айтып өткен ерекше нояндар тобы осыған сай. Солардың заңды жалғасы кешегі жыраулар мен Біржан сал, Мұхит сал, Ақан сері, Иманжүсіп, Мәди Бәпиұлы, Балуан Шолақ, Жеті қайқы, Зәкәрия, Сары Батақұлы, Қызыл сері сынды болмысы бөлек өнерпаздар деп түйеміз.

Бұлардың бәрі жоғарыда айтып өткеніміздей тұстас ғұмыр кешіп, Ресей империясынан, қала берді, серінің асқақ рухын түсінбеген өз халқының шен құмар атқамінерлерінен зорлық көріп, ақыры трагедиямен аяқталған асыл азаматтар.

Серілік дәстүрдің бастауы

Дәстүршілдіктің (традиционализм) негізін қалаған ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек (Рене Генон, Герман Вирт, Мирча Элиаде және т.б.) ілгерілі-кейінді тарих беттерінде таңбаланған көпшілік елдердің әскери жүйесінің іргесін тұрғызған әулет (бізше «сал-серілер», Еуропа халықтарында «рыцарьлар») бір уақтары жойылып кеткен әлемдік патшалық жүйесінің әлеуметтік құрылымынан бастау алатынға ұқсайды.

Әскери ұлыстар, барған жерлеріне кірігіп, ассимиляцияға ұшырап кірігіп кетіп отырған сияқты. Жалпы Батыс Еуропа рыцарьлық тарихы тамплиер орденінің күйреуімен сабақтастырады. Ал Шығыс Еуропадағы серілердің тарихы ХІХ ғасырға ұласса керек. Белгілі мәскеулік дәстүршіл ғалым Роман Багдасаровтың пікірінше, бірде запорож казактары, бірде черкастар деп аталатын украин әскер жасақтары Польшаның, Осман империясының және Қырым хандығының соққысына шыдамай тоз-тоз болған әлдебір рыцарьлық орденнің қалдықтары (Әсемқұлов, 29).

Қазақтарда серілердің болмысы, орны кішкене өзгешелеу дейміз. Көшпелі тайпалардың дені жауынгер әулеттерден тарайтыны іспетті, қазақ әлеуметі, қазақ жұрты барлығы әскери ұлыс деуге келеді. Шыңғыс ханға дейінгі, және одан одан соңғы жаутершілік парасын зерделеген зерттеушілер көшпенділерге қатысты «әскер-халық» («народ-войско»), «мәңгі ел» («вечный народ» немесе «вечный народ — войско») деген терминдерді пайдаланады.

Алтын Ордан кейінгі қазақ тарихында профессионал әскери кісілер жасақтаған «Үш қиян» атты серілік орденінің болғандығын жеткізеді С.Қондыбай. Ендеше қазақтың серілерінің шығу жолын былайша қарастыруға болар дейміз.

Қазақтың сал-серілері соғысқа жеке шерік болып және сауытсыз, жанболатсыз шығатын болған. Әрине, профессионал

әскери адамның қан майданға бұлай қамсыз шығуы күмәнді сауалдарға жетелеуі мүмкін. Бұндай сауалдарға жауап сал-серілердің, пидагер, құрбаншыл әскер екендігінде жатыр. Қарапайымдап айтатын болсақ, сал-серілер – өз еркімен тұтастай өлімге кесілген әскер. Бүкіл тарихы ат үстінде, қанкешу соғыс үстінде өткен елдің қатыгез әскери заңы. Әрине, көп жағдайда сал-серілердің шерігі тұтастай қырылатын болған. Ал осы аяулы әскердің кездейсоқ тірі қалғандары болса, бейбіт кезде олар елдің еркесі саналған. Қазақта «аттың майы» немесе «аттың тері» деген ұғым бар. Біреудің атын мінуге алған адам, атты иесіне қайтарғанда «аттың майын» береді екен. Қазақта «аттың майы – бір тоқты», немесе «аттың майы – бір қозы» деген мақал да бар. «Қылыштың майы» да сол көне күндерден жеткен қасиетті ұғым. Ұрыстан әлдеқалай аман шыққан сері ел шетіне, алғашқы кездескен ауылдың сыртына келіп жығылады. Ауылдың адамдары аңырап жылап кеп үстіне түскенде, сері «Қылышымның майын бер» дейді. Бұл, серінің «қылышымды қапысыз шауып, жаудың да қанын, өзімнің де қанымды аямай төктім, енді сол қылышымның өтеуін бер» деген назы екен. Бүкіл аймақ жиналып серіні кілемге салып немесе жатқан жерінде үстіне отау тігіп, басына көтеріп ардақтайтын болған. Қан жұтып жауды жеңіп келген серінің тілегін беріп, оған ләззат силаған – қандай ұрғашы үшін болса да үлкен абырой екен. Серінің бауырында болып шыққан қыз бойы бұзылған қыз болып есептелмейді екен.

Қазақтың профессионал ән өнерін және аспаптық музыкасы – күй өнерін тудырған осы сал-серілер. Үнемі ажалдың өтінде жүретін адам – ерекше экзистенциалдық тәжірибе иесі. Ажал менен махаббат – амбивалентті құбылыстар. Сондықтан жорыққа аттанып бара жатқан сал-серілер болашақ қанды ұрысты емес, қарындастың назы менен қылығын жырлаған. Міне, көне күндерден жеткен жәдігер осылай баян етеді.

Қазақ ордасы ұлы империяның теліміне түскеннен кейінгі жерде сал-серілер бұрынғы мәртебесінен айырылып басқа сапаға өтті. Қару-жарақ асынып жүруге

тыйым салынды, сол себепті сал менен серілер қылыш пен найзаны қабырғаға іліп қойып, енді қолдарына домбыраны алып артистік богемаға айналды, – деген ой түйеді Т.Әсемқұлов.

Біз сөз етіп отырған Ақан сері, Біржан сал, Иманжүсіп, Аманғали, Мұхит, Зәкәрия, т.б. осы әскери ұлыстың соңғы тұяқтары, қазақ жұрты Ресейге жұтылып, салт-дәстүрінен қағылып, мал-жанынан айырылып қалған тұста ғұмыр кешіп, бұрынғы аталарының сара жолын ұстанып өткен пұшайман ерлер еді.

Қорытынды

Қазақтың қараөлеңімен жыр-термесінің бүгінгі күн ұрпақтарына шашау шықпай жетуіне өзіндік ұшан-теңіз үлес қосқан, ғасырлар бойы ауыздан-ауызға көшіп сақталып келе жатқан рухани қазынамыз дәстүрлі әншілік-жыршылық үрдісті жалғастырған әнші-ақындардың, сал-серілердің музыкалық фольклорымызды насихаттаудағы еңбегі орасан зор екенін көрсеткіміз келеді. Осы бағытты әлем жұртына насихаттауды қолға алдық. Яғни, көшпенді қазақ халқының фольклорлық мұрасы әлі күнге дейін зерттелмей жатқан құпия дүние деуге болады. Жазба-сызбасы жоқ, төрт түлік малының жайымен ойдан-қырға, жайлаудан-қыстаққа көшіп-қонып жүрген көшпенді халықтың, сонау көне дәуірлерден бері бабадан жалғасқан мұраны қаз қалпында сақтап, ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластыруының өзі бір керемет дүние.

Табиғатпен етене араласып тірлік кешкен жұрттың музыкалық мұрасы да соған сай қалыптасты. Көбіне қолданған музыка аспабы домбыраны ердің басына іліп, өзімен бірге қысы-жазы алып жүретін. Біз әңгіме қылып отырған сал-серілер, қастарына өнерлі жандарды ерітіп, ел аралап өнер өрбітетін. Кең даланың әр төбесінде қоныс теуіп отырған көпшілік, ауылына сал мен серілер тобы келсе қуана қарсылап, өнер адамын төбесіне көтере сыйлап, сауық-сайран құрып, соңын тойға ұластырып, көңілдерін көтеретін. Мұң-шерін басатын. Сал-серілер тобында небір өнерпаздар жүретін. Қазіргі тілмен айтсақ

мініп жүрген атын ойнатып өнер көрсететін циркачтар да болған. Домбыраны неше түрлі ыңғайда ойнатып, тіпті бақайымен шертіп, жұртты тамашаға батыратын ептілері де, ауыр тастарды лақтырып таңырқататын алыптары да жүрер еді.

Мақаланы түйіндей келе айтарымыз, қазақ халқының мәдени мұрасы ғылыми айналымында әртүрлі себептермен бұрын-соңды зерттеу көрмеген дүние ретінде өзіндік орыны бар еңбек деп тұжыра аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- Агамбен Д. Қастерлі адам. Әдебиет теориясы. Антология: III т. – Астана, 2019. – 440 б.
- Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.
- Геродот. Историки античности: 1-й том. Древняя Греция. – М.: Правда, 1989. – 624 с.
- Джованни Пико. Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2018. – 400 б.
- Джонсон Д. Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін. – Астана, 2018. – 216 б.
- Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
- Есім Ғ. Фәлсапа тарихы. Алматы. «Раритет», 2004. – 304 б.
- Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасырлар философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
- Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы баспасы. Жалын. 1991. – 240 б.
- Мағауин М. Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. XV-XVIII ғасырлар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 312 бет.
- Спан Ә. Қабекеңнің қазынасы. – Алматы: Үшқиян, 2003. – 200 б.
- Сүлейменов О. Азия. – Алматы: Жазушы, 1992. – 296 б.
- Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Астана, 2018. – 317 б.
- Холл С. Мәдени бірегейлік пен диаспора / Д. Ривкин, М. Райан редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 568 б.
- Энтони Кенни. Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том, Қазіргі заман философиясының бастауы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 412 б.
- Күзеубай А.Ұ. Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша): философия докторы (PhD) диссертациясы – Алматы, 2016. – 149 б.
- Кекілбаев Ә. Маңғыстау: энциклопедиясы (алғы сөз) – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
- Әсемқұлов Т. Егемен қазақстан, 27 қаңтар 2010 ж. [Электрон.ресурс] – 2022. – URL: <http://otuken.kz/> (қаралған күні: 15.10.2022).
- Ойлар. Ұлағатты сөздер. Анахарсис. [Электрон.ресурс] – 2022. – URL: <https://bilim-all.kz/quote/12046> (қаралған күні: 18.10.2022)

Е.А. Ази¹, С.М. Аралбай², К.И. Куразова³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Карагандинский медицинский университет, Караганда, Казахстан

³Областной научно-практический центр, Актөбе, Казахстан

Кочевая культура и традиция сери (XIX в. - начало XX в.)

Аннотация. Традиции, обычаи, обряды, ритуалы, национальная игра, традиционное искусство, музыкальное наследие, отличая одну нацию от другой, подчеркивают, что нация – это нация. В этом плане казахский народ ничем не уступает. Духовное, культурное, литературное наследие казахов свидетельствует о том, что этот народ является древним племенем, последователем древних кочевников, идущих из глубин веков.

Это правда, что в любое время у каждой нации есть свои ценности и культура, чтобы

воспитывать своих героев, людей, которые вкладывают в умы будущих поколений и защищают их страну, землю. Для развития будущего этой нации, излучая сознание потомков, смешивая бытие молодежи, национальную психологию с тем, что дошло до предков, то есть с таким священным наследием, как мораль и нравственность.

На сегодняшний день это одно из важнейших дел для духовности казахского народа. Мы считаем, что актуальным делом является популяризация произведений, наследия наших исторических личностей, которые разбросаны по всей степи, хранят память о сильных стариках, отдают свои национальные ценности, душу за будущее нации, тем самым воспитывая молодежь в национальном направлении. В связи с этим необходимо развивать пропаганду мудрых слов наших поэтов, прививать их молодежи, приобщать их к традициям и обычаям, воспитывать с колыбели.

Обычаи фундаментальной страны в Средней Азии, очевидно, тянут к древним временам. Значит и культура берет свое начало в те времена. Поэтому цель состоит в том, чтобы увековечить этику, обычаи и традиции, отличающиеся от других этносов.

В статье анализируются культура казахского народа, его искусство, многогранная деятельность как особое художественное явление, обсуждаются образцы традиционного искусства культуры кочевников, общие и отличительные проявления которых отражают исторический путь казахского народа.

Ключевые слова: казахская культура; кочевники; искусство; обычаи; традиции; певец.

Е.А. Ази¹, С.М. Аралбай², К.И. Куразова³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan

³Regional Scientific and Experimental Centre, Aktobe, Kazakhstan

Nomadic culture and chivalric tradition (XIX-early XX centuries)

Abstract. It is true that there are traditions, customs, rituals, national games, traditional art, and musical heritage that distinguish one nation from another and make it clear that the nation is a nation. In this respect, the Kazakh people are not an exception. This rich spiritual, cultural and literary heritage of the Kazakh people testifies to the fact that this people is a long-standing ancient tribe, a follower of bagzi nomads who are rooted from the depths of centuries.

It is a fact that at all times every nation had its own values and culture, which poured into the minds of future generations, made them heroes, men who protect their country and land. After all, the future of the country is necessary for the development of the future of this nation, to radiate into the minds of generations, mixing the essence of youth, national psychology with the sacred heritage of the ancestors, that is, identity and morality.

And today it is one of the most important things for the spirituality of the Kazakh people. We think that it is urgent to popularise the heritage and works of our historical figures, who are scattered every time in the steppe, who have a strong memory, who gave their lives for the future of the nation, and thus educate future young people in the national direction. For this reason, it is worth popularising the propaganda of the words of our sages and poets, instilling them in the minds of young people as much as possible, combining them with traditions and upbringing from the cradle.

It is clear that the traditions and customs of a fundamental country in Central Asia drag on to ancient times. So, the culture also dates back to those times. Therefore, the goal is to combine the Customs and traditions of the Kazakh people, which differ from other ethnic groups, with their culture.

The article analyses the culture, art, multifaceted artists of the Kazakh people as a unique artistic phenomenon, discusses examples of traditional art of nomadic culture, whose general and distinctive manifestations reflect the historical path of the Kazakh people.

Keywords: Kazakh culture; nomads; art; customs; traditions; singer; zhyrshi; seri; sal.

References

- Agamben D., Qasterli adam. Ádebiet teoriyası. Antologua: III t. [Literature theory. Anthology: Volume III]. (Astana, 2019, 440 p.), [in Kazakh].
- Ál-Farabı. Áleýmettik-etikalıq traktattar [Al-Farabi. Socio-Ethical Treatises]. (Almaty, Science, 1975, 419 p.), [in Kazakh].
- Gerodot. Istorıkı antichnosti: 1-ı tom. Drevniia Gretsua [Herodotus. Historical Antiquity: Volume 1. Ancient Greece]. (Moscow, Pravda, 1989, 624 p.), [in Kazakh].
- Giovanni Pico. Kenny Anthony. Batys filosofıasynyń jańa tarihy, 2-tom, Orta ǵasyr filosofıyası. [A New History of Western Philosophy, Volume 2, Medieval Philosophy]. (Almaty, National Translation Bureau, 2018, 400 p.), [in Kazakh].
- Johnson D. Filosofıanyń qysqasha tarihy. Sokrattan Derridaǵa deın [A Brief History of Philosophy. From Socrates to Derrida]. (Astana, 2018, 216 p.), [in Kazakh].
- Yessim G. Hakim Abay. (Astana, Foliant, 2012, 400 p.), [in Kazakh].
- Yessim G. Fálıpa tarihy [History of Philosophy]. (Almaty, Rarity, 2004, 304 p.), [in Kazakh].
- Kenny E. A Batys filosofıasynyń jańa tarihy, 2-tom, Orta ǵasyrlar filosofıası [New History of Western Philosophy, Volume 2, The Middle Ages philosophy]. (Almaty, National Translation Bureau public fund, 2018, 400 p.), [in Kazakh].
- Mynzhani N. Qazaqtyń qysqasha tarihy. Almaty baspası. Jalyn [Brief History of Kazakh]. (Almaty publishing house, Flame, 1991, 240 p.).
- Magauin M. Kóne qazaq poeziyasynyń antologıyası. XV-XVIII ǵasyrdar [An anthology of ancient Kazakh poetry. XV-XVIII centuries]. (Almaty, Atamura, 2006, 312 p.), [in Kazakh].
- Span A. Qabekeńniń qazynası [Kabeken's Treasure]. (Almaty, Ushkiyan, 2003, 200 p.), [in Kazakh].
- Suleymenov O. ASIA. (Almaty, Writer, 1992, 296 p.), [in Kazakh].
- Ter-Minasova S. Til jáne mádenietaralyq kommúnıkatsıa [Language and Intercultural Communication]. (Astana, 2018, 317 p.), [in Kazakh].
- Hall C. Mádenı biregeilik pen diaspora [Cultural Identity and Diaspora]. (Almaty, National Translation Bureau public fund, 2019, 568 p.), [in Kazakh].
- Anthony Kenny. Batys filosofıasynyń jańa tarihy, 3-tom, Qazirgi zaman filosofıasynyń bastaýy [A New History of Western Philosophy, Volume 3, Modernity the Beginning of Philosophy]. (Almaty, National Translation Bureau, 2019, 412 p.), [in Kazakh].
- Kuzeubai A.U. Qazaq ánshilik dástúrińiń qazirgi zamanda taralym máseleleri (Arqa óiri boıynsha): filosofıa doktory (PhD) dissertatsıyası [Problems of distribution of the Kazakh singing tradition in modern times (in Arka region): Doctor of Philosophy (PhD) dissertation]. (Almaty, 2016, 149 p.), [in Kazakh].
- Kekilbaev A. Mańgystay: entsiklopedıyası (alǵy sóz) [Mangistau: encyclopedia (preface)]. (Almaty, Atamura, 1997, 384 p.), [in Kazakh].
- Asemkulov T. Egemen qazaqstan, 27 qańtar 2010 j. [Sovereign Kazakhstan, January 27, 2010]. Available at: <http://otuken.kz/>, [in Kazakh]. (accessed 15.10.2022).
- Oılar. Ulaǵatty sózder. Anaharsıs. [Thoughts. Adjectives. Anacharsis]. Available at: <https://bilim-all.kz/quote/12046>, [in Kazakh]. (accessed 18.10.2022).

Авторлар туралы мәлімет:

Ази Есентүгел Аманкелдіұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мәдениеттану мамандығының докторанты, «МҰРА» ғылыми-зерттеу институтының директоры, Астана, Қазақстан.

Аралбай Сәкен Меңдоллаұлы – Қарағанды медицина университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік саяси пәндер» кафедрасы ассистент профессор, Қарағанды, Қазақстан.

Куразова Құралай Илиясовна – облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері, п.ғ.м., Ақтөбе Қазақстан.

Azi Esseytugel Amankeldyuli – student of Department of Cultural Studies of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Director of MURA Research Institute, Astana, Kazakhstan.

Aralbay Saken Mendullauli – Department of History of Kazakhstan and Socio-Political Disciplines, Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan

Kurazova Kuralay Ilyasovna – Methodologist of the Regional Scientific and Experimental Centre, Aktode, Kazakhstan.